

## Инновациялық гранттар беру кезінде технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институты қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1191 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 3 ақпанда № 12989 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 366/НҚ бұйрығымен

**Ескерту.** Күші жойылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 01.10.2020 № 366/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 2015 жылғы 29 қазандағы 100-бабы 2-тармағының 19) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Инновациялық гранттар беру кезінде технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институты қызметтеріне ақы төлеу қағидалары бекітілсін.

2. "Инновациялық гранттар беру кезінде технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институты қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 ақпандағы № 140 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11311 болып тіркелген, 2015 жылы 25 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Технологиялық және инновациялық даму департаменті (А.Б. Батырқожа):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпараттық орталығына ресми жариялауға оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында ресми жариялауды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

---

2015 жылғы 23 желтоқсан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

---

2015 жылғы 21 желтоқсан

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің

2015 жылғы 9 желтоқсандағы  
№ 1191 бұйрығымен бекітілді

## **Инновациялық гранттар беру кезінде технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институты қызметтеріне ақы төлеу қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Инновациялық гранттар беру кезінде технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институты қызметтеріне ақы төлеу қағидалары (бұдан

әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 100-бабы 2-тармағының 19) тармақшасына сәйкес өзірленді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) грант алушы – инновациялық грант алған жеке немесе заңды тұлға;

2) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган – индустрия және индустриялық-инновациялық даму саласындағы басшылықты жүзеге асыратын, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды іске асыруға қатысады жүзеге асыратын орталық атқарушы орган (бұдан әрі - уәкілетті орган);

3) технологиялық дамыту саласындағы ұлттық даму институты – индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуға және инновациялық даму үрдістерін үйлестіруге уәкілетті ұлттық даму институты;

4) инновациялық грант – индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне инновациялық гранттар берудің басым бағыттары шенберінде олардың индустриялық-инновациялық жобаларын іске асыру үшін өтеусіз негізде берілетін бюджет қаражаты;

5) өтінім беруші – инновациялық грантты алуға арнаған өтінім берген жеке және (немесе) заңды тұлға.

## **2. Технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институты қызметтеріне ақы төлеу тәртібі**

3. Инновациялық гранттарды беру жөніндегі технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институты қызметтеріне ақы төлеу тиісті қаржы жылына бюджеттік бағдарламамен республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институтының шығыстар сметасына сәйкес жүзеге асырылады.

Технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институты қызметтерінің құны мыналарға:

1) өтінімдер қабылдау, оларды беру тәртібі туралы жүртшылықты хабардар етуге, әлеуетті өтінім берушілермен консультациялар және түсіндіру жұмыстарына;

2) инновациялық гранттарды беру рәсімін ұйымдастыруға;

3) гранттар берілген индустриялық-инновациялық жобалар бойынша жоспарланған мақсаттарға қол жеткізуінде талдау мақсатында берілген инновациялық гранттарға мониторинг жүргізуға.

4. Инновациялық гранттарды беру жөніндегі технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институтының қызметтеріне ақы төлеу уәкілетті орган мен технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институты арасындағы орындалған жұмыстардың қол қойылған актісі негізінде жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК